



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№31 (1855)  
24 қыркүйек  
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz • facebook.com/KazakhNationalUniversity • vk.com/kazuniversity • instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Құтқарушылар тәжірибе алмасты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Өмір үшін ықпалдасу» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Шара студенттерге жойқын жер сілкінісі кезіндегі төтенше жағдайды жою іс-қимылдарын үйретуге бағытталған.



Ауқымды шараға ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Юрий Ильин, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, министрліктер мен «Ұлттық медициналық қауымдастық» РҚБ ведомстволары өкілдері, шетелдік сарапшылар мен қонақтар, ғалымдар, университет оқытушылары мен білім алушы жастар қатысты.

Конференция бағдарламасы форумның салтанатты ашылуы, ҚазҰУ және Орталық клиникалық аурухана аумағындағы жойқын жер сілкінісі салдарын жою бойынша арнайы тактикалық оқу-жаттығулары, ректорат алдындағы алаңда «Өмір интеграциясы» флэш-мобы, Әл-Фараби мұражайын аралау, сондай-ақ пленарлық және секциялық отырыстарды қамтыды.

Конференцияның пленарлық отырысын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, адам өміріне қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың алдын алу, табиғи, техногендік апаттар кезінде шұғыл іс-әрекеттер жасаудың қоғам үшін маңызын атап өтті.

«Біз Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәжірибе алмасудың сындарлы алаңына айнала отырып, жақын арада Алматы қаласының ғана емес, бүкіл республиканың білім беру ұйымдары үшін

төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі консультативтік-үйлестіру орталығына айналады деп үміттенеміз», – деді ЖОО басшысы.

Университет басшылығына ынтымақтастық үшін алғыс білдіре отырып, ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Юрий Ильин ҚазҰУ-дың болашақта елді бүкіл әлемге танымал ететін жоғары дәрежелі мамандарды даярлауға қосқан үлесін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түрікменстанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Батыр Режеповпен кездесті. Жүздесуде тараптар екі елдің білімі мен ғылымын дамыту мақсатында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мәселелерін талқылады.

## Түрікменстанда ҚазҰУ-дың танымалдығы артып келеді



Кездесу барысында ректор университеттің тарихы мен жетістіктері туралы баяндады. Сонымен қатар өз сөзінде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мен Түрікменстан университеттері арасында жасалған көпжылдық байланыстың жемісті болғанын атап өтті.

«Қазақстан мен Түрікмен-

стан арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылы орнатылды. Қазіргі таңда екі мемлекет білім беру саласындағы қарым-қатынасты 1997 жылдан бастап дамытып келе жатқан стратегиялық әріптес.

Жалғасы 2-бетте

## «Қазақстан – Иран фарабитану» орталығы ашылады



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Мохсен Фагани жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Иран делегациясы мен ҚазҰУ басшылығы ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық келешегін талқылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев университет жетістіктеріне қысқаша тоқталып, құрметті қонақ назарын шығыстану факультетіндегі ирантану бөлімінің қызметіне аударды. Осы күнге дейін бөлімді 170 бака-

лавр, 25 магистр және 4 докторант тамамдаған. Сонымен қатар ЖОО басшысы ирандық оқытушылар мен профессорларды дәріс оқуға шақыру ниетін жеткізді.

ҚазҰУ бүгінгі таңда Иран қорлары, университеттері, институттар және орталықтарымен

тоғыз келісім жасасты. Атап айтсақ, Тегеран университеті, Шахид Бехести университеті, Иран Ислам Республикасының Қазақстандағы елшілігінің мәдени өкілдігі, Гуманитарлық және мәдени зерттеулер институты, Шахез Пажу зерттеу институты, Гуилиан университеті, Саади қоры және т.б.

«ҚазҰУ ирандық серіктестермен білім және ғылым саласындағы белсенді ынтымақтастықты дамытуға мүдделі.

Жалғасы 2-бетте



Сара ХИДЖАЗИ:

Ұақытымды  
көбіне  
зерттеуге  
арнаймын

3 >>



Варшава  
собрала  
ученых  
тюркологов

4 >>



Ұстазымның  
сөзі өмірлік  
ұстанымыма  
айналды

5 >>

## Түрікменстанда ҚазҰУ-дың танымалдығы артып келеді



Соңы. Басы 1-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түрікменстан Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық қатынастар институтымен және Мақтымқұлы атындағы мемлекеттік университетімен келісімге қол қойды. Бүгінде ҚазҰУ-да Түрікменстанның 540 студенті білім алуда. Оның 535-і келісімшарт бойынша, ал бесеуі мемлекеттік білім гранты негізінде оқып жатыр», – деді ЖОО басшысы.

Өз кезегінде Түрікменстанның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Батыр Режепов ҚазҰУ ұжымын жетістіктерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар елші жоғары оқу орны түрікмен студенттерінің сүйік-

ті орнына айналғанын атап өтті.

«Түрікменстанда ҚазҰУ-дың танымалдығы артып келеді. Биыл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түрікменстаннан 185 студент оқуға түсті. Бұл көрсеткіш жыл сайын артады деген үміттемі», – деді Батыр Режепов.

Сонымен қатар құрметті мейман IT саласында білікті мамандарды бірлесіп даярлау мақсатында ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюды ұсынды.

Кездесу соңында тараптар аталған бастамаларды жоспарлы түрде іске асыруға уағдаласып, естелік сыйлықтармен алмасты.

**Нұрсұлтан  
ЖЕКСЕНБАЕВ**

## «Қазақстан – Иран фарабитану» орталығы ашылады



Соңы. Басы 1-бетте

Қазақстан мен Иран байланысы тату көрші, серіктестік рухына толық сай және өзара тиімді ынтымақтастығымыздың көрінісі», – деп атап өтті білім ордасы басшысы Жансейіт Түймебаев.

2022 жылғы 19 маусымда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Иран Ислам Республикасына ресми сапары барысындағы уағдаластық аясында ҚазҰУ «Қазақстан-Иран фарабитану» ғылыми-зерттеу орталығын ашуға ниетті. Осы міндетті жүзеге асыруда Алматы қаласындағы Иран Ислам Республикасы Бас консулдығы

қолдауына және өзара тиімді ынтымақтастыққа үмітті екенін білдірді.

Өз кезегінде бас консул Мохсен Фагани Иранның ғылымы мен білімінің даму деңгейі туралы айтты. Бірлескен білім беру жобасын іске асыруға және Қазақстан мен Иран арасындағы ынтымақтастықтың басқа да бағыттарын дамытуға қолдау танытты.

Кездесу нәтижесінде маңызды мәселелер талқыланып, тиімді қарым-қатынастарды нығайту бойынша жоспар белгіленді.

**Әйгерім  
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**

## Құтқарушылар тәжірибе алмасты

Соңы. Басы 1-бетте

«Әлемде ТЖ саны жыл сайын артып келеді. Мұздықтардың еруі сел қаупіне әкеледі, ал лапылдаған өрт қатері климаттың өзгеруіне түрткі. Біз адамзаттан өмір мен денсаулықты сақтау бойынша бірлескен күш-жігерді талап ететін кезеңге аяқ бастық, – деп атап өтті министр. – Осы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында біз төтенше жағдайлардың алдын алу, медициналық көмек көрсету, қауіпсіздік саласындағы ғылымды дамыту мәселелерінде тәжірибе, пікір және идеялар алмасуға, жаңа серіктестер табуға мүмкіндік алдық».

Сонымен қатар жиында Алматы қаласы ТЖД бастығының орынбасары Ерлан Әлібеков, ҚР ТЖМ М.Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының бастығы, полковник Сырым Шәріпханов, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери медицина орталығының бастығы, медицина қызметінің полковнигі Ерман Смайыл баяндама жасады.

Арнайы оқу-жаттығу барысында төтенше жағдай кезінде істелуі тиіс дағдылар пысықталды. Мәселен, сценарий бойынша 8 балдық жер сілкінісінде ҚазҰУ аумағында ғимараттардың ішінде ара құлауы, өрт орын алып, студенттер зардап шеккендегі әрекеттер дайындалды.

Алдын ала әзірленген жоспар



бойынша азаматтық қорғау бойынша іс-шараларды, бұйрықтарды, нұсқаулықтар мен нұсқауларды дайындау және орындау тәртібін реттейтін құжаттарды зерделеу, ҚазҰУ-дың жеке құрамын құру, қажетті техникалар мен тәжірибелік шараларды атқару жүзеге асырылды. Жаттығу барысында заң факультетінің оқу корпусынан студенттерді эвакуациялау, зардап шеккендерге психологиялық және медициналық көмек көрсету жаттығулары орындалды. Сондай-ақ зардап шеккендерді автокөліктен, әкімшілік ғимаратының шатырынан альпинистік жабдықтарды қолдана отырып шығару және эвакуациялау дағдылары пысықталды.

Қазақ ұлттық университетінде өткен арнайы оқу-жаттығу іс-ша-

раларына «Апаттар медицинасы орталығы», Республикалық жедел құтқару жасағы, Алматы қалалық төтенше жағдайлар департаменті, Алматы қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Қызыл Жарты Ай қоғамы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жедел-құтқару жасағы, медицина факультетінің оқытушылары мен студенттері белсене қатысты.

Ғылыми-тәжірибелік шара келесі күні секциялық отырыстарға жалғасты. Онда түрлі төтенше жағдайларда зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету мәселелері қарастырылды.

Сондай-ақ қатысушылар майдангер медицина қызметкерлеріне арналған ескерткіш пен 28 панфиловшылар саябағындағы мемориалға гүл шоқтарын қойды.



**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінде Тәжікстанның  
Алматыдағы бас консулы  
Равшан Бобохонзода  
Тәжікстаннан келген студент  
жастармен кездесті.**

## Тәжікстанның бас консулы студенттермен кездесті

Білім ордасы бүгінде Тәжікстанның тау-кен металлургия институты және Осими атындағы Тәжік техникалық университеті сынды жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқан. Сондай-ақ 2019 жылдан бастап университетте Алматы қаласында Тәжікстан Республикасының Бас консулдығы бастама-сымен ашылған «Тәжік тілі және мәдениеті» орталығы табысты жұмыс істейді. Қазіргі уақытта ҚазҰУ-да Тәжікстаннан келген 40-қа жуық студент білім алуда.

Бас консул Тәжікстаннан келген студенттерді қабылдап, жан-жақты қолдау көрсеткен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылығына алғыс білдірді. Студенттерге арнаған сөзінде Қазақстанның үздік университетінің жетістіктерін алға тарта отырып, ынтымақтастық аясында, атап айтқанда, Орталық Азия



елдері ректорларының алғашқы халықаралық форумы барысында ҚазҰУ мен Тәжік ұлттық университеті меморандумға қол қойғанын атап өтті.

Әлемдік қоғамдастықтағы жағдайларға байланысты ол студенттерді қылмыстық топтар мен қарулы қақтығыстарға қатысудан сақ болуға шақырды. Студенттерді

озық тәжірибені оқып-үйренуге және қазіргі заманғы кәсіптерді игеруге күш салуға үндеді.

Кездесу аясында шетелдік студенттер оқу барысы жайлы пікір алмасып, толғандырған сұрақтарына жауап алды.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**

Сара ХИДЖАЗИ:

# Уақытымды көбіне зерттеуге арнаймын

**Сара Хиджази – Италия мен Иран азаматы. Бергамо университетінде мәдени антропология және күрделілік эпистемиологиясы бойынша PhD докторы. Жазушы, журналист, көптеген италиялық университеттерде және қорларда жұмыс атқарады. Сонымен қатар әртүрлі журналдарда мақалалары жарық көрген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне шақырылған адъюнк-профессор.**



– Мен ирандық отбасының көпшілігі көшіп келген Италия мен АҚШ арасында есейдім. Бүгінде күйеуім Паоло және ұлдарым Себастьян мен Леонардомен Италияның Тренто қаласында тұрамыз. Айналысатын ісім – сабақ беремін, мақала жазамын, зерттеу жүргіземін, баяндама жасаймын, ал ең бастысы – антропологпім. Жасөспірім кезімде түрлі әлемдік мәдениеттерге қызығушылығым оялды. Жоғары сынып оқушысы болғанымда көне латын және грек өркениеттерінің классикалық мәдениетін үйрену маған қызық болды. Классикалық көне дәуір шын мәнінде адамзат қоғамында мәдениет пен дүниетанымның қалай дамығанын білудің тамаша тәсілі. Маған университеттік мансапты таңдау керек болған кезде шет тілдері мен мәдениетін, испан, неміс тілдері мен әдебиетін оқуды ұйғардым. Бұл жол өзім жақсы көретін авторларды, яғни Федерико Гарсиа Лорка, Пабло Неруда, Мигель де Сервантес және Вольфганг Гётеді зерттеуге мүмкіндік берді, – деп сыр шертті ғалым.

Сара Хиджазидің «Батыстағы ислам діні» (L'altro islamico, 2009) атты жинағы жарық көрген. Сол кезеңде індетте зерттеуден бастау алған еңбек бүгінде нақты діни құбылыстарды зерттеумен айналысуға түрткі болды.

– Испаниядағы Комплютенсе Мадрид университетінде бір жыл оқыдым. Жазбаша және ауызша испан тілін меңгеріп, әдебиетін

зерттеуге тырыстым. Кейінгі семестрімді Германияның Бамберг қаласында жалғастырдым. Мәдени салыстыру бойынша диссертация қорғадым, бұл антропологияны жақсы көруге деген қызығушылығымды арттыра түсті. Сондықтан Бергамо университетіндегі (Centro di ricerca e Studi sulla Complessità) күрделі қоғамдарды зерттеу орталығында PhD кандидаты атандым. Онда менің оқытушыларым мен профессорларым пәнаралық топтың өкілдері болатын. Яғни олар – астрофизик, антрополог, философ, физик, лингвистиктер және менің осы салаларда мансаптық өсуіме себепкер болды. Сабақ өте күрделі еді. Біз қоғамда қолданылатын биология, философия, физика туралы біршама дүниені үйрендік. Дәрістің күрделі тұстарын түсіну үшін өз зерттеу құралдарымызды жүргізе бастадық. Осылайша жеке этнографиямды қолға алдым, – дейді ол.

Ғалым бір жыл бойы Иранның Құм, Машад және Тегеран қалаларында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сосын діни саяси утопияларға негізделген ирандық әйелдердің трансұлттық сәйкестіктерін құру туралы диссертация қорғады. 2008 жылы қорғаған диссертациясы «Иранды ашу: исламдық жамылғы антропологиясы» деген тақырыппен монографияға айналды. Содан соң ағылшын тілінде «Әйелдер исламнан кейінгі Иранда» деген мақаланы жарыққа шығарды. Ғалым зерттеу кезеңінің нәтижесі

ретінде бірнеше академиялық мақала жазды. Мысалы: «Қазіргі заманғы монастырьлар: дисциплинарлық көзқарас», «Монахизм социологиясы» т.б.

– Мен Торино университетіндегі Мәдениеттану кафедрасында заманауи монастыризм бойынша ғылыми жобаны жүзеге асыру үшін пост-докторант ретінде қызметке орналастым. Бұл салыстырмалы діндерге бағытталған пәнаралық зерттеу жобасы болды. Екі жыл бойы Италиядағы және Еуропадағы будда монастырьларында этнографиялық дала жұмыстарын жүргіздім, ал әріптестерім христиан және индуизм монастырьларын зерттеді. Этнографиямызды біріктіруде әртүрлі дін бойынша ортақ монастырьлық идеяны таптық деп ойлаймын. Дегенмен еңбектеріміз академиядан тыс жерлерде де көрініс тапты: ірі редакциялық компания бізге барлық монастырьдың ортақ үлгілері туралы кітап жазуды ұсынды. Бұл ұсынысты қабыл алып, «Азырақ бақыттымын. Жақсы өмір сүрудің он монастырьлық ережесі» деген атаумен

ұлттық деңгейде бірнеше мың данамен кітабымыз оқырманға жол тартты. Ол бестселлер кітаптар тізіміне енді, – дейді ұстаз.

Сара Хиджазига 2017 жылы Тренто қаласының Бруно Кесслер қорында зерттеу жұмысы ұсынылады. Ғалымның айтуынша, бұл ғылыми-зерттеу мекемесі – 500 зерттеушіден тұратын ерекше қызмет орны. Себебі онда әртүрлі саладағы: тұрақты энергетика мен есептеу техникасынан бастап, тарих пен әлеуметтануға, жасанды интеллектіден дінтануға дейінгі салалар терең зерттеледі. Мұнда ғалым антрополог ретінде сан түрлі деректерді зерттеушілермен әрі машиналық оқыту ғалымдарымен бірлесіп қызмет атқарған.

– Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемнің 300-ден астам ірі университетімен сәтті қызмет етуде. Университет Халықаралық, Еуропалық және Еуразиялық университеттер бірлестіктерінің, Бүкіләлемдік университеттер консорциумының және т.б. мүшесі. 2018 жылы Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ мен Бруно Кесслер қоры (Италия, Тренто) Қазақстан мен Италия арасындағы тығыз халықаралық қатынастарды ескере отырып, екі ел арасындағы білім беру мен ғылыми салаларда ары қарай да перспективті қарым-қатынас жасау мақсатында келісімге қол қойды. Тағылымдамадан өту барысында студенттер академиялық шығармалар жазу қабілетін шыңдады. Сонымен қатар студенттерге 2018 жылдың наурыз айында Рим қаласында болып өткен экономикалық және әлеуметтік даму бойынша халықаралық ғылыми конференцияға қатысуына мүмкіндік берілді. ҚазҰУ-дың көптеген студенттері әлі де зерттеу тобымен кездесуге мүмкіндік болады деп үміттенемін. Білім ордасында уақытымызды көбіне зерттеуге арнаймыз. Бірақ, жоғарыда атап өткенімдей, сабақ бергенді жақсы көремін. Осы мақсатта әртүрлі университеттерде адъюнк-профессор ретінде дәріс беремін. Мәселен, Рома Треде университетінде дәріс бердім және бүгінгі таңда Тренто университеті мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәріс беріп жатырмын. Мені әр елден жиі келіссөздер жүргізуге шақырады. Екі рет TEDx және WIRED фестиваль іс-шараларында төбе көрсеткенім бар. Менің соңғы кітабым академиялық санатқа жатпайды. Ол «Реңктегі сезім. Неліктен бізге планеталық мәдениет керек?» деп аталады. Бұл кітапта бізді күтіп тұрған үлкен планеталық қиындықтарға төтеп беру мақсатында адамзаттың әртүрлі мәдени қақтығыстарды қалай жеңе алатынын және өзін біртұтас сезіне алатынын анықтауға тырыстым, – деп сөзін тамамдады Сара Хиджази.

Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

## Кафедраның қызмет бағыты талқыланды

**Қазіргі таңда ЮНЕСКО кафедрасы журналистика және коммуникация саласындағы білімді дамытып, ғылыми зерттеулер әзірлеуде. ОРБИКОМ жүйесінде ақпараттық алмасуға ықпал ету арқылы халықаралық ғылыми серіктестікті нығайтып, ҚР ведомстволарының, халықаралық қорлар мен ұйымдардың ғылыми-зерттеу гранттарына қатысуда.**

ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі Назгүл Шыңғысова кафедраның қазіргі таңдағы қызмет бағыттарына жаңа-жақты тоқталып, кафедрадағы орындалған ұлттық және халықаралық жобалар, зерттеулер, халықаралық байланыстар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына, инновациялық

қызметіне шолу жасады. Кафедраның Орталық Азия ЖОО-ларының арасында журналистика мен коммуникацияның өзекті мәселелері бойынша үйлестіруші, бағыттаушы рөліне ерекше тоқталды. Осы орайда, кафедраның жуырда «Жарық сәулесі» бастамасының өңірлік бағдарламасы және ҚР Үкіметінің қолдауымен Орталық Азиядағы (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан елдері) мемлекеттік құрылымдар мен атқарушы билік өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері және бизнес өкілдеріне арналған жобасын сәтті аяқтағаны туралы атап өтті. Бүгінде Коммуникацияны дамыту халықаралық бағдарламасының қолдауымен Орталық Азияның 16 жоғары оқу орнына арналған жобаны жүзеге асыру барысында төрт ашық жаппай онлайн курстарын даярлап жатқанын тілге тиек етті.



Кафедраның Коммуникацияны дамыту халықаралық бағдарламасының қолдауымен іске асқан «Қазақстанда гендерлік журналистика бойынша оқу бағдарламаларын күшейту» атты жобасы нәтижесінде республикалық ЖОО-ларда оқу бағдарламалары енгізілді. БҰҰ қолдауымен жүзеге асқан жоба нәтижесінде өңірлік БАҚ, баспасөз қызметінің

өкілдері гендерлік тұрақты даму бағыты бойынша білігін арттырды.

2018 жылы кафедра есебі Париждегі штаб-пәтерде тыңдалып, жоғары бағаланса, СІМ жанындағы ЮНЕСКО және ИСЕКСО істері жөніндегі ұлттық комиссияның мәжілісінде кафедраның жұмысы жоғары деңгейде аталып өтті.

ЮНЕСКО-ның Материалды емес мәдени мұра ұлттық комитетінің хатшысы Василий Шахгулариді кафедраның жаңа медиамен, блогерлермен байланысы туралы ақпарат қызықтырса, ЮНЕСКО-ның Материалды емес мәдени мұра ұлттық комитетінің мүшесі Әлмира Наурызбаеваны кафедраның қазақ аудиториясына арналған жұмысы қызықтырды. Қазіргі белсенді блогер жастардың арасында ой-өрісі, ойлауы ерекше кафедра студенттері де бар. Кафедра БҰҰ, ЮНЕСКО материалдарын қазақ тіліне аударып, жас мамандарға арналған медиамектептер мен біліктілікті арттыру курстарын ана тілінде де жүргізіп келеді.

Александр РОЖКОВ,  
ЮНЕСКО-ның  
журналистика және  
коммуникация кафедрасының  
доценти

**В столице Республики Польша прошел VI-й международный конгресс тюркологов, организованный известным в мире Варшавским университетом. Данное мероприятие собрало ученых юристов, политологов, журналистов из Турции, Европы и США, Казахстана, Азербайджана, Туркменистана, Узбекистана, для которых тюркский вопрос стал объединяющим.**

## Варшава собрала ученых тюркологов

С приветственным словом выступили руководство Варшавского университета, посол Турции в Польше г-н Дженгиз Камил Фират, посол Азербайджана в Польше Наргиз Гурбанова, президент Международного фонда тюркской культуры и наследия г-жа Гюнель Афандиева и другие. Спектр представленных тем на международном конгрессе был широк, начиная вопросов развития языков тюркских народов до информационной безопасности и правовом регулировании в современном мире, где вспыхивают военные действия на некоторых территориях. Среди интересных тем, прозвучавших во время конгресса были такие, как: «Современная международная миграция: сравнительный анализ Польши и Турции», «Анализ научного сотрудничества между Турцией и Азербайджаном на основе совместных научных публикаций (1992-2021 гг.)», «Вторая карабахская война в международных СМИ: тюркское геополитическое определение», «Сталинизм и судьба тюркологии в советском Азербайджане», «Лексический пласт тюркской рукописи XIV века «Kitab Bulgal-Mushtak wa fi lugat at-Turk wa al-kifjak», Ученый Вашингтонско-

го университета Талант Маукауни представил интересную тему, связанную с Казахстаном Исторические ресурсы для казахского языка: казахская и цинская дипломатическая переписка.

В числе приглашенных на конгресс в качестве участника была доктор юридических наук Забих Шолпан Арапбайқызы (кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права юридического факультета КазНУ им. Аль-Фараби) с темой: «Идея объединения тюркских народов в политико-правовых воззрениях представителей казахской интеллигенции начала XX века Жаханши Досмухамедова и Мустафы Шокая». В своем выступлении она отметила, что двадцатый век был очень динамичным и насыщенным событиями и в то же время важным и значимым временем в истории человечества. Это было время развития революционного движения, формирования передовой национальной интеллигенции в казахском крае, которая ставила вопросы о социальных гарантиях и просвещении народа, защите прав и свобод человека, верховенстве закона, форме правления в стране и политичес-

ком режиме государства. Раскрывая идеи казахской интеллигенции начала XX века – Алихана Букейханова, Ахмета Байтурсынова, Миржакипа Дулатова и других, она акцентировала свое внимание на государственных и правовых взглядах Жаханши

ском крае. В дни Февральской революции Мустафа Шокай помогал казахам на фронте, затем он активно решал вопрос об управлении Туркестаном, стал председателем исполнительного органа Туркестанского национального совета. Был одним из

профессионального юриста, видного политика, заместителя председателя Всероссийского мусульманского совета, председателя западного отделения «Алаш-Орда» Жаханшу Досмухамедова, который отстаивал идею привлечения внимания к узбе-



Досмухамедова и Мустафы Шокая. Именно они в своих политических и правовых взглядах рассматривали идею объединения тюркских народов.

В своем выступлении Шолпан Арапбайқызы отметила, что в сложное для казахов время произошла консолидация тюркских народов: созываются съезды мусульман, в составе Государственной Думы России, формируется мусульманская парламентская фракция. В период работы в Думе Мустафа Шокай создал организацию «Туркестанское единство» для объединения народов, проживающих в Казах-

лидеров партии «Шура-и-Исламия» и редактором газеты «Бірлік Туы». Известно, что на гуманиста и демократа Мустафу Шокая были навешаны различные ярлыки, как «агент мировой буржуазии», «враг народа», «пособник фашизма». Но его идея об едином Туркестане, воплотившаяся в Кокандской (Туркестанской) автономии, хотя и потерпела поражение от Советской власти подобно автономии «Алаш», тем не менее, превратилась в символ борьбы за независимость страны.

Особое внимание Ш.А.Забих обратила на другого лидера казахской интеллигенции –

кам, туркменам и Туркестану в целом, как к региону, родному по численности населения (родному по языку и традициям). Ж. Досмухамедов направил все свои правовые знания и богатый политический опыт на объединение мусульманских народов России. С высокой трибуны Всероссийского мусульманского совета он поднимал проблемы не только казахов, но и всех тюркских и мусульманских народов, стремился к их решению. Он, как и Мустафа Шокай, отстаивал идею руководства узбеками, туркменами и Туркестаном в целом как родственным по составу населения регионом и предлагал вопрос объединения всех тюркских народов России, им даже был проведен филологический анализ слова «узбек», «казах».

В настоящее время идеи Мустафы Шокая и Жаханши Досмухамедова, внесшие неоценимый вклад в развитие политической мысли, национального и тюркского самосознания, могут стать опорой международному содружеству современных тюркских народов в условиях глобализации.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

## На военной кафедре начались занятия



**Послание Президента – Верховного Главнокомандующего Вооруженными Силами Республики Казахстан К.Токаева является приоритетным вопросом в ходе первых занятий со студентами, поступившими на военную кафедру НАО «КазНУ имени Аль-Фараби».**

Первые занятия со студентами, поступившими на военную кафедру, проводит начальник военной кафедры НАО «КазНУ имени аль-Фараби» полковник запаса Ажимов О. В. Он довел основные положения Послания Президента страны народу Казахстана, рассказал о роли и деятельности нашего Президента по укреплению обороноспособности государства. В завершающей части занятия студенты оз-

накопились с презентацией об истории военной кафедры КазНУ, лучших ее выпускников, традициях и достижениях.

«Уже стало доброй традицией проводить первые занятия со студентами руководством военной кафедры, где раскрывается история нашей кафедры, ее достижения и задачи. Основой этого занятия явилось доведение и разъяснение Послания Президента и задач, поставленных Ректором-Председателем Правления НАО «КазНУ имени Аль-Фараби» Жансеитом Туймебаевым в сфере совершенствования учебно-воспитательного процесса со студенческой молодежью. Мы уверенно смотрим в будущее, и все поставленные задачи будут выполнены», – отметил начальник военной кафедры.

Каиржан ТУРЕЖАНОВ

## Ознакомили правилами проживания в студгородке

**Сотрудники КазНУ имени Аль-Фараби провели ряд собраний на тему поддержания порядка в общежитиях, в которых приняли участие студенты 1-го курса и активисты, проживающие в домах студентов.**



В мероприятиях приняли участие: первокурсники факультетов вуза, представители дирекции студенческого городка КазНУ и студенческого совета, сотрудники отдела полиции Бостандыкского района и эдвайзеры факультетов.

На встречах первокурсники смогли познакомиться с председателями студенческих советов и старостами общежитий. Также состоялись беседы о правилах проживания в домах студентов, необходимости соблюдения жителями общественного порядка и безопасности на территории студенческого городка КазНУ имени Аль-Фараби. Кроме того, были затронуты

вопросы профилактики преступлений и правонарушений.

В результате бесед студенты получили ответы на интересующие их вопросы о порядке и чистоте в общежитиях и другие темы. Был решен ряд вопросов организационного характера, таких как: выбор старост этажей, общественных помощников, утверждение графика дежурств студенческого актива и др. Такие мероприятия помогают первокурсникам пополнить знания о правилах жизни в студенческом городке, адаптироваться к новым условиям, привыкнуть и погрузиться в студенческую жизнь.

Светлана УМЫРГАЛЕВА

**Менің бірегей ұстазым Мархабат Томанов көзі тірі болса, биыл 90 жасқа келер еді.**

**Бір сәт студенттік шағымды және кейін ол кісінің шапағатын көрген кездерімді еске алсам, жадымда қалған жаңғырықтар жиі ойға оралады.**

да, кейін де менің өмірлік ұстанымыма айналды.

Институтта сол кездегі кафедра меңгерушісі Сабыр ағай (Қазыбаев) маған «Тіл тарихы» пәнінен сабақ беруді ұсынды. «Маған дейін осы пәнді жүргізіп

көрсен, көзін аш» дегендей, Мархабат ағай шәкірт бойындағы қандай да бір жақсы қасиетін байқаса, соны ашуға тырысатын. Оны ағайдан тәлім-тәрбие алған шәкірттерінен де, көз көрген

15 пайызы қоғамға, ғылыми ортаға негіз болып жатса, отандық ғылым дами түсер еді-ау. Осы сенің диплом жұмысың «Қазақ эпостары тіліндегі етістіктің көсемше тұлғасының қолданы-

# Ұстазымның сөзі өмірлік ұстанымыма айналды

...Менің ойым оқу бітірген соң елге қайту болатын. Бір күні ағаймен университет алдында кездесіп қалдым. Ол менен алдағы жоспарымды сұрады да: «Елге қайтпа. Ауыл ешқайда қашпайды. Сен Тіл білімі институтына (қазіргі А.Байтұрсынов атындағы) барып көрші, мүмкін, жұмысқа алар, алмаса бәрібір ауылыңа қайтасың ғой», – деді. Жолым болып, бір күнде Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері болып шыға келдім. Бірде ағайға жұмысқа орналасқанымды айтсам, «Анау-мынау демей, қазақ ономастикасына қал-қадеріңше үлес қос, қазақ тіл білімінің қара шаңырағындағы жұмысыңа сәттілік!» – деген еді. Сол кездегі ұстаз бен шәкірт арасындағы кездесу бүгінгідей әлі есімде. Кейін уақыт өте келе, ұстазым мені жұмысқа алу жөнінде институт басшысы Исмет Кеңесбаев, орынбасары Әбдуәли Қайдаровпен сөйлескенім білдім.

Ғылыми жұмысымның қорғау күні белгіленіп, ағайым жұмысыма бірінші оппонент болған кезде қатты таңғалғанымды көріп, жетекшім Телағаң (Телқожа Жанзақов) маған: «Махаң (замандастары осылай айтатын) сенен үміт күтіп еді, ақтадың. Махаң үдесінде тұрып, саған бірінші оппонент болды», – деді.

Бір кезде мектептегі ұстаздарым Қапи, Жалғас, Әби ағайларым, әсіресе Шәйкен ағай «егер

сен ғылыммен айналыссаң, бір нәрсе шығады» дегенін университет қабырғасында маған қайталап айтқан Мархабат ағай болатын. Сол тұста «ұстаз жүрегі, сенімі алдамайды» дегенді ұққандай болдым.

Осы орайда, мектептегі ұстаздарыма, ғылыми бағыттағы ұстазым Телағаң, бұл күнде арамызда жоқ болса да, кезінде жұмысыма ұдайы қолдау көрсеткен сол кездегі ономастика бөлімінің бастығы Айтым Әбдірахманов ағайға алғысым шексіз.

Енді бірде ағайға кездесіп, Гурьев (қазіргі Атырау) педагогикалық институтына жұмысқа кеткенімді айтсам, бір кездері өзі де осы институтта жұмыс істегенін айтты да, Атырау жерін, адамдарын мақтай жөнелді.

Ағайдың бойындағы ерекше бір қасиеті – қандай да бір іске көңілі толғанда миығынан кулетін. Сол әдетіне басып, маған миығынан күліп: «Қызығы мен қиындығы мол студенттермен жұмыс істеп жүрмін де... Адамдармен қарым-қатынас үнемі бірдей бола бермейді, алайда шәкірттеріңе бірдей бол. «Не ексең, соны орасың» дегендей, студентке нені айттып, түсіндірдің – соны сұра. Қолыңнан келгенше олардың бойындағы жақсы қасиеттерін ашуға тырыс, сонда ғана жақсы ұстаз боласың», – деген ақыл-кеңесі әлі күнге дейін есімде. Ағайдың осы сөзі ұстаздық еткен жылдарымда



келген Қусиын (Шәукенов) ағай жалғастыра берсінші», – деуім мүл екен, Сабыр ағай сәл ашу шақырып, «Шалдар қиындықта жүру керек те, ал сендер қиындықтан қашып жүрулерің керек пе? Олай болмайды», – деп тоқетерін айтты да, «Кезінде ұстазың Мархабат Томанов сені сонау студенттік кезден бастап осы пәнге деген қызығушылығыңды арттырып, бағыт-бағдар беріп дайындаған. Бар, өзінен сұра, ұстазың саған қазақ ономастикасы бағытын бекер ұсынған жоқ», – деп бір-ақ тоқтады. Сөйтіп, үш жылдай ағайдың өзі оқыған лекциясы негізінде «Тіл тарихы» пәнінен студенттерге дәріс бердім.

Сабыр ағайдың сөзінен кейін қарап отырсам, қазақта «Булақ

замандастарынан да талай рет естідім және өзім де байқадым.

Ұмытпасам, В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай, ҚазССР ҒА ұйымдастыруымен жас ғалымдарға арналған ғылыми-теориялық конференция өтетін болды. Конференция жұмысына қатысқым келіп, ҚазССР ҒА (қазіргі Ұлттық ҒА) кітапханасында материалдар қарап отырсам, қайдан келгенім білмеймін, жаныма Мархабат ағай келіп, қал-жағдайымды, не істеп жүргенімді сұрап білген соң: «Ұмытпасам, сен осы 3-курста менің басшылығыммен «Халық ауыз әдебиеті шығармаларындағы топонимдер мен гидронимдер» деген тақырыпта курстық жұмыс жазған едің ғой. Соны осы конференцияда неге қозғамасқа?!» – демесі бар ма? Бір жағынан қуандым, екінші жағынан, қорықтым. Себебі ол кезде ғылыми жетекшім Телағаң болатын. Сөйтіп, Телағаңның келісімімен, ағайдың айтуымен курстық жұмыс негізінде жоғарыда аталған тақырыпта конференцияда шығып сөйледім. Осыдан ағайдың тағы бір ерекшелігі – өткенді ұмытпайтын қасиетіне қайран қалдым. Әр кездескен сайын бір ойтырткі тастап отыратыны бар еді.

Бірде ағай менен: «Университет қабырғасында диплом жұмыстарың жаздыртамыз. Алайда сол жазылған жұмыстардың 10-

сы» (ағай ғылыми жетекшім болатын) деген тақырыпта емес пе?» – деп сұрады. «Иә», – дедім. «Соны эпос тілінің хас шебері Есет ағаңмен бірге дайындап, ғылыми баспа бетіне жариялауды ұмытпа, диплом жұмысыңның ғылыми ортаға пайдасы тисін», – деді. Сөйтіп, 1981 жылы Есет Жұбанов ағаймен бірге «Қазақстан мектебі» журналына «Эпос тіліндегі көсемше» деген мақаланың жариялануына ұйытқы болған еді.

Иә, Мархабат ағаймен ҚазМУ-дың №3 жатақханасында басталған таныстық өмірінің соңғы жылына дейін жалғасты. Мұның сыры: біріншіден, мені студенттік кезден ғылымға (ономастика ғылымына) баулыған ұстазым болса; екіншіден, жерлеспіз; үшіншіден, ағайдың рұқсатымен тұңғыш баламның аты – Мархабат деп қойылуында еді.

Ағай кездескен сайын менен үш нәрсені сұрайтын: алдымен «Елге барып тұрасың ба?» – дейтін. Одан кейін «Ғылыми жұмысың қалай жүріп жатыр? Телағаңның (жетекшім) айтқанын бұлжытпай орында» (кейде «Ағаңның саған көңілі толмай қалуы мүмкін, оған мән берме деуші еді). Содан соң «Кішкентай Мархабат аман ба? Үлкен Мархабаттан сәлем айт», – деп қоштасатын едік...

**Манасбай ҚОЖАНОВ**

# Фотожурналистерге арналған жаңа оқулық

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «Дарын» баспасы және «Адырна» ұлттық порталының қолдауымен университет оқытушылары Асылхан Әбдірайымұлы мен Досжан Балабекұлының «Фотография өнері» және «Фотожурналист анықтамалығы» оқу-анықтамалық сөздігінің тұсаукесері өтті.**

Фотожурналистика жанрының бұрын айтылмаған тың тұстары қамтылған, жаңа бағытта жазылған бұл шығармалар студенттер үшін де, фототілшілер үшін де шын мәнінде таптырмас оқу құралы болып табылады. Жаңа кітаптардың тұсаукесеріне алыстағы Шыңжаң өлкесіндегі «Алтай қазақ этнофотография» қоғамының мүшесі, әлемдегі ең үздік 10 фотографтың қатарына кірген тұңғыш қазақ Серік Мұқышұлы, ардагер-фотожурналист Қалиғұмар Қабдешұлы арнайы келіпті, сондай-ақ шараға журфак оқытушылары Кәкен Хамзин, Аманжол Мектеп, Сағатбек Медеубек, фотоөнер мамандары, ардагер фототілшілер, студенттер мен магистранттар қатысты.



Тұсаукесер рәсімін журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы сөз сөйлеп ашты. «Фотоөнер туралы қазақ тілінде кітап өте аз, сауақпен санарлықтай ғана. Біз кезінде фо-

тожурналистика кітаптарын орыс тілінде оқитынбыз. Өйткені қазақ тілінде кітап тапшы болды. Бұл тарапта көп еңбек етіп жүрген – Асылхан Әбдірайымұлы. Аскең соңғы он жылда фотоөнер

жайлы 3-4 кітап жазып, жарыққа шығарды. Оны қазақ фотожурналистикасының теориясын қалады деп айтуға болады. Кейінгі кезде оған Досжан Балабекұлы көмекші болып жүр. Қазақша алғаш рет жарық көріп отырған «Фотожурналист анықтамалығында» фотоөнер саласындағы терминдерге түсініктер беріледі. Ал екінші кітап – «Фотография өнеріне» қазақ фотожурналистерінің зерттеулері, диссертациялары мен ғалымдардың еңбектері кірген. Бұл студенттер үшін өте қажетті оқу құралдары», – деді декан.

Оқырманға жол тартқан «Фотография өнері» кітабында сонау адамның ең әуелі дыбыстық тілі емес, образбен ойлайтын графикалық бейнелі тілі, яғни сурет тілі шыққаны, одан фотографияның пайда болуы, фотоөнерінің әлем-

дік және отандық дамуы мен ұлттық фотөнер тұлғаларының мақала-сұхбаттары және бүгінгі жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы қорғалған магистрлік диссертация, бакалавр дипломдық жұмыстары және колледж студенттерінің дипломдық жобалары еніп отыр. Авторлар жан-жақты зерттеулер мен ғалымдардың тұжырымдамаларын топтастыру арқылы талдаудан өткізіп, тереңдей байыптауға тырысады.

Бұл анықтамалық фотожурналистерге арналған практикалық нұсқаулық. Мұндағы тақырыптар белгілі бір жүйе бойынша түзілген, фотография туралы анықтама мәліметтерді, оның негізгі қағидағары мен әдістерін қамтиды, фотопублицистиканың БАҚ-тағы жұмыс технологиясына баса назар аударады. Сонымен қатар бұл анықтамалықта отандық және әлемдік фотожурналистика туралы маңызды мәліметтер келтірілген.

Шара барысында «Фотоөнер» ҚБ төрағасы А.Әбдірайымұлы ардагер-фотожурналист Қалиғұмар Қабдешұлы мен Шыңжаң өлкесінің фотографы Серік Мұқышұлын бірлестіктің «Фотоөнер қайраткері» медалімен марапаттады.

**Қайыржан ТӨРЕЖАНОВ**



**Әр ұстаздың өз шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруінде, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар көрсетуінде еңбегі орасан зор. Сондықтан да ұстаз әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Осындай ұстаз және ірі ғалымдардың бірі – Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының профессоры, педагогика ғылымының докторы Ақмарал Мағауова.**

Ақмарал Сәбитоллақызы ғылыми-зерттеу қызметімен алыс және жақын шетелдерде мақсатты түрде айналысады (Англия, АҚШ, Италия, Испания т.б.). Ғылымның ұзақ мерзімді ғылыми ізденістері қазіргі білім беру парадигмасының талаптарына жауап беретін жаңа формация педагогтерін даярлау мәселесін, сонымен қатар жоғары кәсіби білім беру, инклюзивті білім беру мәселелерін зерттеумен байланысты. 320-дан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде Германияда басылып шыққан және әлемдік үздік кітаптардың халықаралық

**Хакім Абай: «Адам ата-анандан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танытындығы, сондайдан білген, көргені көп болған адам білімді болады», – деген.**

## Мамандықтың төресі – ұстаз болу

Ұлағатты ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс, терең біліммен бірге қажырлы еңбек те адам бойынан табылуы қажет. Яғни ұстаз кәсібі ең асыл, ең қасиетті, ең қадірлі, дүниедегі мамандықтың төресі деуге болады.

Мен білетін осындай жақсы ұстаз, жақсы маман біздің арамьзда, жарты ғасырдай уақыт бойы қара шаңырағымыздың география және табиғатты пайдалану факультетінде қызмет істеп жүр.

Әңгіменің кейіпкері Клара Мақаш – университеттің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы, аса білгір ұстаз. 1971 жылы Панфилов педагогикалық училищесін үздік бітіргеннен кейін, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетіне оқуға түседі. Оқу орнын 1976 жылы бітірген соң, Физикалық география кафедрасының меңгерушісі Мұса Жаппасбаевтың шақыруымен университетке жетекші маман ретінде қабылданған. Содан бері оқытушы, аға оқытушы қызметтерін адал атқарып келеді.

Өзім де алғаш студент атанып, оқу ордасына келгенімде алдымнан күлімсіреп, жылы шыраймен Клара Керімбайқызы қарсы алған еді. Білмегенімді түсіндіріп, бағыт-бағдар бергені әлі есімде. Кейін өзім де ұстаз болып, Клара апайдан талай тәжірибе жинақтағанмын.

Апайдың мінезі, жүріс-тұрысы, сымбаттылығы, берген сабағы кімді болса да өзіне тартып тұрады. Мінезі жұмсақ болғанымен, сабаққа қаталдық

каталогіне енгізілген «Болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық дайындығы» оқулығының, сондай-ақ «Ұйым үшін мұғалімдердің біліктілігін арттыру» еңбегінің авторы. «Балалар өмірі», «Жоғары кәсіптік мектеп педагогикасы», «Педагогикалық ғылым мен білімнің тұжырымдамалық аппараты», «Қазіргі әлемдегі адам: сәйкестік және мәдениетаралық коммуникация», «Мамандарды кәсіби даярлау жүйесіндегі этнопедагогика», «Университеттегі студенттерді тәрбиелеу тұжырымдамасы» монографияларын басып шығарған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен «Сорос-Қазақстан» қоры байқауының қорытындысы бойынша «Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті жүйесіндегі заманауи білім беру технологиялары» бағдарламасының бірлескен авторы. Ол Foundation, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша үздік оқулықтар қатарына енген. Сонымен бірге Ақмарал Сәбитоллақызы «Жоғары білім берудегі инновациялық білім беру технологиялары»,



танытатын. Сол талапшылдығының арқасында талай студент білімін ширата білді. Қазақ бөлімдерінде «Құрлықтар мен мұхиттардың физикалық географиясы», «Топырақтану», «Жалпы жертану», «Қазақстанның физикалық географиясы» т.б. пәндерден дәріс беріп келеді.

Педагогикалық, географиялық далалық зерттеу жұмыстарына жетекшілік еткенде Клара Керімбайқызы бар өнерін салады. Ұстазбен бірге өткен тәжірибе жұмысы әрі танымды, әрі қызықты өтетін. Мұны біз емес, студенттердің өзі айтатын.

Клара Керімбайқызы қоғамдық жұмыстарға қазір де аса белсенді. «Парасат» кәсіподағының мүшесі.

География және табиғатты пайдалану факультетінің аяулы ұстазы, ардақты ана Клара Керімбайқызы бұл күнде мерейлі 70 жасқа толып отыр. Ұстазымызға деніне саулық, отбасына бақ-береке тілейміз.

**Күлзира ОРАЗЫМБЕТОВА**

# Еңбегі елеулі ғалым



«ЖОО оқытушысының лекциялық шеберлігі», «Жастар әлеуметтенуі және қазіргі жастар субмәдениеттері», «Ғылыми зерттеу әдістері», «Инклюзивті білім берудегі әлеуметтік педагогтің қызметі» оқулықтарының авторы.

Ақмарал Сәбитоллақызы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтының жетекші оқытушы-тренерлерінің бірі. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының басшылары мен оқытушыларының біліктілігін арттыру үшін курстар өткізген. Ол республика университеттерінің шетелдермен халықаралық

ынтымақтастығын дамытуға және шетелде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға зор үлес қосуда. Қазақстан Республикасы білім беру қызметкерлері делегацияларының Англия, Жапония, Германия, Чехия, Малайзия, Түркия, Кипр университеттеріне ресми сапарына және ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қоюға қатысты.

Қазақстан ғылымының дамуына қосқан елеулі үлесі және жемісті ғылыми қызметі үшін Ақмарал Сәбитоллақызы Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі болып сайланды. Оның ғалым ретіндегі сіңірген еңбегі тек республикамызда ғана емес, шетелде де белгілі. Бұған дәлел – Мәскеу қаласындағы Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының академигі болып сайлануы.

Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы Ақмарал Сәбитоллақызын адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойымен құттықтайды.

**Жанат БАҚТЫБАЕВ,**  
Педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының доценті, п.ғ.к.

## Сайлау заңнамасы қайта құрулардың негізі

**Биыл 5 маусымда үшінші рет Ата заң – Конституциямызға толықтырулар мен өзгертулер енгізу мәселесі бойынша республикалық референдум өткені белгілі.**

Референдумды сайлау институтымен ұқсастығы тұрғысынан қарау қызықты болып көрінеді. Жаңа тарихта референдумдарда президенттік мандаттардың өкілеттіктері ұзартылған фактілер болғанын еске түсіруге болады (Египет, Түрікменстан, Өзбекстан және т.б.). Бұл саясаткерлердің референдум мен сайлау арасында теңдік белгісін қойған белгілі бір «алмастыруды» білдіреді. Демек, екі жағдайда да халықтың ерік-жігері бар деп дәлелденеді. Сайлау балама негізде сайланған кез келген адамның мандатына, ал референдум кез келген шешімге заңдық күш береді.

Референдум қабылдаған шешімнің Қазақстан Республикасының барлық аумағында міндетті күші болады және ел Президентінің немесе мемлекеттік өкімет органдарының актілерімен қандай да бір растауды қажет етпейді. Бұл референдумның шешімдері Қазақстанның бүкіл аумағында қандай да бір қосымша шартсыз тікелей қолданылады деген сөз (35-баптың 1-тармағы).

Осы жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында айтылған конституциялық реформаның барлық мәселелері «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында көрініс тапты. Оны іске асыру қоғам мен мемлекеттің одан әрі прогрессивті дамуына ықпал етеді. Жолдаудың қорытындысы бойынша ҚР Президенті 2022 жылғы 29 наурызда ҚР Конституциясына түзетулер бойынша жұмыс тобын құру туралы жарлық шығарды, ал



биылғы 5 маусымда республикалық референдумда ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар қабылданды. Олар жаңартылған Негізгі заңның іргетасына айналды.

Қазақстанның Негізгі заңында қоғамның өмірлік болмысына маңызды түзетулер енгізудің шұғыл қажеттілігіне байланысты белгілі бір нормативтік рәсімдер арқылы Конституцияның ережелеріне қандай маңызды түзетулер, яғни өзгерістер енгізілгенін еске сала кеткен жөн:

– Президенттің рөлін, оның мемлекеттік билік жүйесіндегі өкілеттігін шектейтін нормаға ерекше назар аудару керек. Басқаша бұл процесі «өзін-өзі шектеу» деп атауға болады. Биліктің суперпрезиденттік жүйесінен күшті Парламентке, тұтастай алғанда, күшті өкілді органдарға көшу мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғасының құзыретіне жататын бірқатар бағыттардағы Президенттің рөлін шектеу салдарынан ғана орын алуы мүмкін. Президент бұл рөлді ел басшысы ретінде емес, конституционализм идеясының кепілі ретінде еліміздің Негізгі заңында белгіленген құндылықтардың кепілі ретінде атқарады.

– Президенттің жақын туыстары үшін квазимемлекеттік сектордағы саяси мемлекеттік қызметшілер мен басшылар лауазымдарына орналасуға тыйым салу туралы конституциялық түзетудің мақсаты – отбасылық-кландық басқару тәуекелдерін теңестіру және елдің болашақ көшбасшылары үшін этикалық стандарттарды түзетуге ықпал ететін болады.

– Қазақстанда Президент өкілеттіктерін орталықтандыру процесі кезен-кезеңімен немесе жекелеген мемлекеттік органдар арасында өкілеттіктерді басқаша қайта бөлу күтілуде. Осы конституциялық түзетуді енгізу арқылы мемлекеттегі биліктің қазіргі тармақтарын күшейтуге мүмкіндік беретін вектор елеулі түрде өзгертілмекші. Бұл конституциялық мәртебеге ие іргелі институттарға қатысты: Конституциялық сот, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, прокуратура.

– Президент Қ.Тоқаев айтқан аумақтық реформа мемлекеттік басқару органдарын халыққа жақындатуға бағытталған. Аумақтық басқару процесін ұйымдастыру тұрғысынан 1997 жылдың көктемінде таратылған жаңа аймақтарды (Абай, Жетісу және Ұлытау), анығын айтқанда: Семей, Талдықорған және Жезқазған аймақтарын құрудың маңызы зор. Бұл аумақтық дамуға серпін береді және сол арқылы басқару органдарын халыққа жақындатады.

Жаңа талаптарға сәйкес, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшелері, Президент, сондай-ақ Парламент депутаттары, мемлекеттік қызметшілер «Саяси партиялар туралы» 15.07.2002 ж. ҚР Заңына сәйкес (конституциялық заңдар мен 2022 жылдың соңына дейін қабылданатын заңдарға талқыланған өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес), саяси партияларға, кәсіподақтарға мүше болмауы, кез келген саяси партияны қолдамауы керек.

Қорытындылай келе, Қазақстанның сайлау заңнамасы кезең-кезеңмен эволюциялық дамуға ие болғанын және бейбіт, демократиялық қайта құруларға негіз болғанын атап өткен жөн.

**Нәжия ҚАЛЫШОВА,**  
доцент, з.ғ.д.

**Мейіржан САҒЫНАЕВ,**  
аға оқытушы, з.ғ.м.

**Kassym-Zhomart Tokayev in his Address to the People of Kazakhstan on September 1st 2022 pointed out : "Given the global scientific and technological progress, it is important to strengthen the teaching of science and mathematics subjects and the English language in high school".**

## In order to succeed in the 21st century



Our President heavily emphasizes the importance of knowing English by the future generations of Kazakhstan in order to survive in a globalized world.

In order to succeed in the 21st century we need to be constantly obtaining new information about the world. Being able to understand English will give this opportunity. So, one of the keys to success in the 21st century is being able to speak, write, understand and read in English.

English is currently the most widespread lingua franca used in international communication in the modern world. The total number of English speakers in the world is estimated at 1.75 billion and the native speakers comprise less than a third of this number. English is the main language used in international political affairs, diplomacy, science, business, and any practically kind of transnational institution. Therefore, the overall level of proficiency can be viewed as one of the indicators affecting the success of a country in these domains and its development. It has been found that countries with a higher level of English proficiency are more likely to grow faster than others and that investment in English proficiency significantly fosters economic growth.

So, the importance of knowing English is heavily emphasized, ensuring that the future generations are able to survive in a globalized world.

Mastering the English language will have a big impact on the future of Kazakhstani youth. There are 142 countries in the world where English is a mandatory element in the national education policy. The English language is also a compulsory subject in national curriculum of all schools and universities in Kazakhstan.

At al-Farabi university English is a compulsory discipline included in the 1st year curriculum of Bachelor program for all degrees. The principal objective of the study program (Syllabus) on the discipline "General English", prepared by the Foreign Language department teachers is the development of four vital

skills- reading, writing, speaking, and listening – in our students. These are the four foundational skills of language learning. Once students have mastered these skills, they can safely say that they are fluent in the English language.

People use language to receive information or to give information. We receive information through listening and reading. Therefore, listening and reading are known as receptive skills. We use speaking and writing to give information. Speaking and writing are therefore known as productive skills. But we should remember all four language skills are not usually used in isolation. A single activity usually require to practice two or three or sometimes all the four language skills. All the skills need to be practiced and focused equally, so that students can achieve better results and improve language acquisition skills.

Since language is primarily speech, we set the final goal of teaching English to our 1st year students of al-Farabi university is: *to enable them to communicate effectively and appropriately in real life situation; to use English effectively for study purpose across the curriculum; to develop and integrate the use of the four language skills.*

Motivation is one of the most important factors in language learning. We believe that the students should be reminded of the significance of mastering English if they know the 10 reasons to learn English: 1. English is a global language; 2. Good English competence can help get a good job; 3. Learning English helps read and write scientific paper; 4. English is the language of the Internet; 5. Learning English can help meet new people; 6. Travelling is a lot easier with a good knowledge of English; 7. English is one of the most important languages for business; 8. With English, you can study all over the world; 9. English gives you access to multiple cultures. 10. With English, you can study all over the world.

**Shakizat DUSENBAYEVA,**  
The Department of Foreign Languages

# National Day of Languages in Kazakhstan

It is well known that Kazakhstan is a motherland for people of many different origins: according to ubiquitous Wikipedia, there are around 130 ethnic groups that live in our country. Historically, the hospitable and peace-loving Kazakhs accepted all the peoples who were forced to leave their homes and who had been torn away from their homeland by different regimes. Both European and Asian people received food and shelter from the Kazakhs, who were suffering from famine and were strictly prohibited to interact with the "enemies of the state" under a threat of death penalty. The kind human act evoked a response of deep gratitude from the refugees who settled here and now consider Kazakhstan their home.

Nowadays, most countries around the world are not monolingual; it is said that there are around 7000 languages spoken. In many countries, like Singapore and Switzerland, people communicate using different official languages. For instance, societal multilingualism is a norm for the countries of the European Union.

In Kazakhstan, most people are growing up bilingually, speaking both official Kazakh (so-called 'state') language and Russian which has a status of an international communication language (lingua franca). According to statistics, in Kazakhstani school education is conducted in seven languages: Kazakh, Russian, Uzbek, Uighur, Ukrainian, Tajik, German, and English. Besides, as a part of the optional educational program and as an independent subject, the study of Dungan, Turkish, Uighur, English, Polish, Kurdish, Azerbaijani, Korean, Tatar languages has been organized at schools. Thus, Kazakhstan is a real country of language diversity!

The National Day of Languages was established in Kazakhstan in 1998 and was originally celebrated on the third Sunday of September. The date of the celebration was changed in 2017, timed to coincide



with the birthday of the outstanding educator Akhmet Baitursynuly. A lot of events are being held on the National Day of the Languages in Kazakhstan in order to celebrate the diversity and equal rights of Kazakhstani people. Al-Farabi Kazakh National University annually celebrates the Week of Languages devoted to the official holiday.

This year, on September 7th, Lecturers of the Department of Foreign Languages A. Shayahmet and A. Otileuova, Lecturer of the Department of Diplomatic Translation M. Myrzagaliev held the "National Day of Languages in Kazakhstan" event within the university's Week of Languages. The event was conducted in the form of 'languages festival', where undergraduate students from the Faculties of Oriental Studies and International Relations actively participated.

At the festival of languages, the kui of the Kazakh dombra sounded (Ainur Bolatova, Ayana Marlen), pieces of poetry in Turkish and Russian were recited (Abylay Sayakhmatov, Gulvira Uzakbayeva, Ulzhan Kasym, Nurgul Baygaliev), Turkish, English, French, Korean songs were performed (Anar Assan, Albina Bolat, Ayaulym Bekasylova, Adiya Nugumanova, Sandugash Span, Bibifateema Khamitova, Raushan Amangeldiyeva, Ayaulym Arystanbekova, Zhasmeen Tursunbekova, Kalamkas Sovetkhan), as well as

national dances (Akbotas Askar, Akerke Kydyrkhan, Nazerke Kokteubai, Sandugash Ibragimova, Zareena Utegenova); even Gaudeamus was sung in Latin (Ayaulym Bekasylova, Aidana Murat, Nurai Seidal, Aruzhan Berikova, Aigerim Dzhablibeyeva, Akerke Menlibek, Gawhar Muratbek, Nargiz Myrzagaliev, Dilnaz Gabitolayeva, Ademe Serikbay, Asel Askarova). And the leading students of the event Aruzhan Tilev (Oriental Studies) and Nurgul Baygaliev (International Relations) were fluent in Kazakh, English, and Russian.

Professors, students, and the audience took part in the Languages Week and enjoyed music, poetry, and songs, as well as incredible warm atmosphere created by themselves. Many students were wearing ethnic costumes which were a separate part of beauty related to the special event.

This year September 22 was declared the National Day of the Languages in the Republic of Kazakhstan. A modern generation speaking different languages, who are students now, express their intention to keep the rich and multilateral Kazakhstani culture for the best future of our united people.

**Asel SHAYAHMET,**  
The Department of Foreign Languages

## Useful tips for students on how to learn vocabulary

When you study a foreign language you try to learn words and their combinations - phrases, because memorizing words only makes no sense without context. One of the best ways to memorize things is to make a list of words and phrases that you want to remember. Always keep a book and whenever there are phrases which you need to remember, list them and make use of them whenever possible. By doing so you can make your own pocket dictionary and carry it with you and keep repeating them whenever and wherever you have an opportunity.

Never try to remember too many words and phrases at one time because this will create confusion and make it difficult to remember.

You should try to put realistic goals for yourself. Every individual has his own ability to do things, although there are some exceptional cases. Generally, on average a person can remember only 10 words that he learns at a time. Try to focus on phrases that are commonly used in day to day conversation, because this way the words and phrases are easily remembered.

One of the effective ways of

learning words and phrases is reading and retelling short stories. Stories give the learners an opportunity to infer the meanings of words that they do not know. That is, stories help to develop their vocabulary by making connections between known and unknown words. So, the story context can easily encourage students to learn new words incidentally; it is an excellent way to enrich their vocabulary usage and make their learning tangible. Certain patterns and vocabulary items are frequently repeated in stories, this naturally allows learners to be exposed to the language in familiar contexts. Reading stories and retelling them are an excellent technique of developing vocabulary. Here is one short story for students with a beneficial moral lesson and words and phrases to remember:

*One night four college students were out partying late night and didn't study for the test which was scheduled for the next day. In the morning, they thought of a plan. They made themselves look dirty with grease and dirt.*

*Then they went to the Dean and said they had gone out to a wedding last night and on their way back the tire of their car burst and they had to push the car all the way back. So they were in no condition to take the test.*

*The Dean thought for a minute and said they can have the re-test after 3 days. They thanked him and said they will be ready by that time.*

*On the third day, they appeared before the Dean. The Dean said that as this was a Special Condition Test, all four were required to sit in separate classrooms for the test. They all agreed as they had prepared well in the last 3 days.*

*The Test consisted of only 2 questions with the total of 100 Points:*

**1) Your Name?** \_\_\_\_\_ (1 Points)

**2) Which tire burst?** \_\_\_\_\_ (99 Points)

Options – (a) Front Left (b) Front Right (c) Back Left (d) Back Right

**Moral of the story:** Take responsibility or you will learn.

**Galiya KULZHANBEKOVA,**  
The Department of Foreign Languages

# ҚазҰУ қалашығындағы қайнаған тіршілік

*Жаз бойы ҚазҰУ қалашығында қайнаған қызу тіршілік бір толастаған жоқ. Жаңа оқу жылы басталғалы жұмыс қарқын ала түсті. Ректорат ғимараты мен оқу корпустарында, жатақханаларда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.*

Суреттерді түсірген  
Марат ЖҮНІСБЕКОВ



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,  
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

**Газетке жазылу индексі: 64787**

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.